Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылы 24 қыркүйек №4712-25-00-2/2944 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Н.Худибаева,
сот отырысының хатшысы Ж.Калдыбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Folta» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Н.Өтеп
жауапкер өкілі Б.Кусманова
прокурор Н.Жанұзақ

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылы 27 наурыз тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы «А-4 қағазын сатып алу» бойынша 4 116 420 теңгеге №33 келісім шарты (бұдан әрі-Шарт) жасалған.

Шарт қазынашылық органында 28.03.2025 жылы енді.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер Шарт қазынашылық органына тіркелінген күннен бастап күнтізбелік 16 күн ішінде дейін Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарттар бойынша міндеттемесін орындамағанын, тауар жеткізілмегенін соттан жауапкерді

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбы Шарт бойынша 119 376 ,18 теңге өндіруді сұраған.

Талап қоюшы сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілдері сот отырысында талап қоюды мойындамай, А4 форматтағы қағаз міндетті сертификаттауға жатпайтынын, сол себепті растайтын құжаттың болмауы жауапкерден тауарды қабылдауды бас тартуға негіз болмайтынын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Талап қою №1,2

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 8-бабының 4–тармағының 4) тармақшасына сай Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес, шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттардың №1 қосымшасының және техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес, жауапкер Шарт қазынашылық органына тіркелінген күннен бастап күнтізбелік 16 күн ішінде дейін Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша тауар жеткізуге тиіс болған.

Алайда жауапкермен өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, жұмыстар толық атқарылмаған, қабылдау актісіне қол қойылмаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

Демек, бұл мән-жай жауапкермен мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын көрсетеді.

Сот, А4 форматтағы қағаз міндетті сертификаттауға жатпайтынын, Қазақстанда заң жүзінде қарастырылмаған деген жауапкердің уәжін сын көзбен қарайды, өйткені техникалық сипатқа сәйкес, Тауар СТ РК 3150-2018 (ГОСТ Р57641-2017)) сәйкес және құжаттары міндетті түрде болуы тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 01.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Худибаева А. Н., 08.01.2026
4712-25-3-6/334

Шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындау мерзімі 13 сәуір 2025 жылы болуы тиіс.

Алайда өнім беруші 22.04.2025 жылы техникалық ерекшелікке сәйкес емес А-4 қағазын жолдаған.

Яғни, жауапкер Шартта белгіленген мерзімде талап қоюшыға жұмысты атқармаған.

Заңның 8-бабының 4-тармағының бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттар 20 мамыр 2025 жылы бұзылды.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде, яғни 12 мамырда 2025 жылы талап қоюды сотқа жолдаған.

Демек талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімін өткізбеген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 72 және 73-баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкермен сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табысталмады.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттартың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден орындалмаған 29 күнге есептелген Шартбойынша 119 376,18 теңге, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 117-бабының 1-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 5 547 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 01.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Худибаева А. Н., 08.01.2026

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-ніңҚ223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Folta» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Folta» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 119 376 (бір жүз он тоғыз мың үш жүз жетпіс алты) теңге 18 (он сегіз) тиын тұрақсыздық айыбы, 5 547 (бес мың бес жүз қырық жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404- баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.Н.Худибаева

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 01.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Худибаева А. Н., 08.01.2026

4712-25-3-6/334